АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

20___ жылғы "____" _______________          "____" _______________20___ года

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

# Аудиторлық есеп

Ганюшкин селосы                                        31 мамыр 2018 жыл
№ 2 Дана

**Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:** «Құрманғазы аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай аудит объектісі). Атырау облысы Әділет департаментінің Құрманғазы аудандық Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде 27.12.2012 жылы № 13-1915-03-ММ мемлекеттік тіркеуден қайта өткен. Бизнес сәйкестендіру нөмірі 991240003286. Құрманғазы аудандық Қазынашылық басқармасында ЖСК – KZ75070103KSN1503000, ЖБН – KKMFKZ2A есеп айырысу шоты арқылы банк операциялары жүргізіледі. Мекен жайы: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Гаюшкин селосы, С.Көшекбаев көшесі - 25 үй.

**Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі:** тиімділік және сәйкестік аудиті. Сыртқы мемлекеттік аудит.

**Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма:** Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Р.Бектемірдің 19.04.2018 жылғы №11-12-09/303-3-Т тапсырмасы. ҚР Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Атырау облысы бойынша басқармасында 19.04.2018 ж. № 182300672/00058 санды болып тіркелді.

**Мемлекеттік аудитті** Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Бауржан Нүриденұлы Джапаков жүргізді.

**Мемлекеттік аудиттің мақсаты:** Жергілікті бюджет қаражатының пайдалануына, жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер түрінде бөлінген қаражатқа сәйкестік аудитін және мемлекеттік аудит объектісінің қызметінің тиімділігін бағалау.

**Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2015 жылдың 01 шілдесінен – 2017 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

**Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2018 жылдың 23 сәуірінен бастап 31 мамыр аралығы.

**Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:** «Құрманғазы аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы

ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ АППАРАТЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
31 05 18
Кіріс № 127
000089

Б.Жүгінісовтің рұқсатымен, бас маман - есепші Р.Мушекбаеваның қатысуымен жүргізілді.

Бақылау жүргізген кезеңде қаржы құжаттарына қол қоюға құқылы:

- бірінші болып, «Құрманғазы аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы 2004 жылдың 11 тамызынан бастап 2016 жылдың 01 сәуіріне дейін Р.Сұлтанияев. 2016 жылдың 01 сәуірінен бастап күні бүгінге дейін Б.Жүгінісов.
- екінші болып, бас маман - есепші 2010 жылдың 01 қыркүйегінен бастап 2015 жылдың 21 қазанына дейін Н.Альбетова, 2015 жылдың 05 қарашасынан бастап күні бүгінге дейін Р.Мушекбаева.

**Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер**

ҚР ҚМ Қаржылық бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша Қаржылық бақылау инспекция басшысының орынбасары Ғ.Бекмұханов және № 1 бақылау бөлімінің бас бақылаушы-тексерушісі Н.Үмбетқалиевамен 2013 жылдың 01 қаңтарынан 2015 жылдың маусым айын қоса алғандағы кезеңге кешенді бақылау жүргізіп, нәтижесінде 933,4 мың теңгенің қаржы бұзушылықтары анықталған. Атырау облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясының 2015 жылғы 06 қазандағы №05-9/1557 ұсынымына сәйкес анықталған кемшіліктер қалпына келтіріліп, бас маман – есепші Н.Альбетоваға ауызша ескерту берілген.

*(Жалғанды: Бақылау актісі 9-бетте, ұсыныс, жауап хат 8-бетте)*

**Жүргізіліп отырған мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:**

1. **Мәслихаттың, оның тұрақты және басқа да комиссияларының жұмысының атқарылуы**:

1.1. Мәслихаттың, оның тұрақты және басқа да комиссияларының жұмыс жоспарына сәйкес жасалған ұзақ мерзімді және ағымдағы жоспарлары мен нәтижесі.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін –өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 12 бабына сәйкес мәслихат тұрақты комиссиялар құрады және оның төрағалары мен мүшелерін өз депутаттары арасынан тиісті мәслихат сайлайды. Тұрақты комиссиялар сессия күн тәртібіне ұсынылған мәселелерді алдын ала талқылап, зерделеп, ұсыныстар береді.

**2015 жылғы** жұмысы:

V шақырылған аудандық мәслихаттың құрамында 2 тұрақты комиссия жұмыс жасаған, олар «Экономика, салық және бюджет саясаты жөніндегі тұрақты комиссия», төрағасы депутат Б.Жүгінісов және «Әлеуметтік сала, жастар саясаты, заңдылық және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссия», төрағасы депутат Ш.Жәлелов. Есепті мерзімде мәслихаттың және тұрақты комиссияның жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты комиссиялардың 13 біріккен мәжілісі өткізіліп, мәслихат сессиясына ұсынылған мәселелер талқыланған. Соның ішінде: «Құрманғазы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау және әкету тарифтерін бекіту

туралы» аудандық тұрғын үй,коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ә.Әжіғалиевтың хабарламасы, «Жер учаскелеріне салынатын базалық салық ставкаларын өсіру туралы», «Жер кодексінің талаптарын жүзеге асырудағы аудандық жер қатынастар бөлімінің атқарған жұмысы туралы» аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Б.Сүгіралиевтың хабарламасы, «Аудан бойынша балық шаруашылығының жәйі және оны дамытудағы алға қойылатын міндеттер туралы» аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы М.Джанхановтың есебі, «2014 жылға арналған аудан бюджетінің орындалысы туралы» бөлім басшысы З.Карсакованың есебі, «Аудан көлемінде ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының талаптарының орындалуы туралы» басқарма басшысы К.Утаровтың баяндамасы, «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекеленген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы», «Ауданның 2015 жылдың I жарты жылдығында әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы» аудан әкімінің есебі, «Халық банкі»АҚ Құрманғазы ауданы бойынша басқармасының халыққа қызмет көрсету барысы туралы басқарма басшысы Ө.Есенгазиевтың хабарламасы, «Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №361-V "Ауданның 2015-2017 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы, «Ауданның 2016-2018 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» мәселелер қаралып, сессияға жолданған.

**2016 жылғы** жұмысы:

Есепті мерзімде V шақырылған аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының 4 отырысы және VI шақырылған мәслихат жанындағы тұрақты комиссиялардың 7 отырысы өткізілген.

VI шақырылған аудандық мәслихаттың «Экономика, салық және бюджет саясаты жөніндегі» тұрақты комиссиясының (төрағасы Р.Сұлтанияев), «Әлеуметтік сала, жастар саясаты, заңдылық және құқықтық мәселелер жөніндегі» тұрақты комиссиясының (төрағасы М.Қуаншалиев) біріккен мәжілістерінде сессия күн тәртібіне ұсынылған «Аудандық ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің бастығы лауазымына тағайындауға келісім беру туралы», «№1 Алға сайлау округінің депутаты Ш.Жәлеловтің депутаттық сауалы туралы», «2015 жылға арналған аудан бюджетінің орындалысы туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы З.Карсакованың есебі, «2016-2020 жылдарға арналған Құрманғазы ауданының аумақтық даму бағдарламасы туралы», «Ауданда әлеуметтік, денсаулық сақтау салаларының жәй-күйі, туберкулез ауруларының алдын алу және індетке қарсы күрес шараларының орындалысы туралы» аудан әкімінің орынбасары А.Мусаның хабарламасы, «№13 сайлау округінің депутаты М.Қуаншалиевтың депутаттық сауалы туралы», «№11 сайлау округінің депутаты Р.Сұлтанияевтың депутаттық сауалы туралы», «Аудандық жастар ресурстық орталығының жұмысы және алда тұрған міндеттер туралы орталық басшысы Б.Вахитовтың хабарламасы, «Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №473-V «Ауданның

2016-2018 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы З.Карсакованың, «Ауданның 2017-2019 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» экономика және қаржы бөлімінің басшысы З.Карсакованың хабарламасы, «Жергілікті полиция қызметінің жұмысы туралы» жергілікті полиция қызметінің бастығы Ж.Төреғалиевтың есебі және т.б. мәселелер қаралып, талқыланған.

**2017 жылғы** жұмысы:

Есепті мерзімде аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 16 рет өткізіліп, сессия шешімін қажет ететін түрлі мәселелер талқыланған. Соның ішінде «Құрманғазы ауданының әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемасын бекіту туралы», «Аудан бойынша мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөнінде атқарылған жұмыстар туралы» аудан әкімінің орынбасары А.Мусаның хабарламасы, «Азаматтарға арналған үкімет МККЕАҚ Атырау облысы бойынша филиалының халыққа қызмет көрсету» департаментінің Құрманғазы аудандық бөлімі арқылы аудан тұрғындарына көрсетілген мемлекеттік қызмет жәйі туралы» бөлім басшысы Қ.Булековтың есебі, «2016 жылға арналған аудан бюджетінің орындалысы туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы З.Карсакованың есебі, «Аудан көлеміндегі мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету және білім саласы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жәйі туралы» білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Г.Кубаеваның хабарламасы, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және одан туындайтын нормативтік актілер талаптарын аудан көлемінде жүзеге асыруда аудандық ветеринария бөлімінің жұмысы туралы» бөлім басшысы Ә.Әбдірахманның хабарламасы, «2017 жылдың I жарты жылдығында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы» аудан әкімінің есебі, «Өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерінің орындалысы туралы» Көптоғай ауылдық округі әкімі С.Мұратовтың есебі, «Ауданның 2018-2020 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» хабарлама, «Киров ауылдық округін «Жаңа талап» ауылдық округі деп қайта атау туралы» округ әкімі О.Тәжібаевтың хабарламасы, «2018-2020 жылдарға арналған ауылдық округтердің бюджетін бекіту туралы» хабарлама және тағы басқа мәселелер қаралып,тиісті қаулылар қабылданған.

Тұрақты комиссияларда қаралған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар мен мекемелерге ұсыныстар беріліп, оны орындау шаралары ұйымдастырылған. Тұрақты комиссиялардың төрағалары болып сайланған тәжірибелі депутаттар өз міндеттерін жауапкершілікпен атқара білген.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін –өзі басқару туралы » Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 17 бабына сәйкес мәслихаттың құзыретіне

жататын мәселелерді сессия қарауына әзірлеу мақсатында уақытша комиссиялар құрылып, өздеріне жүктелген міндеттерді атқарып келген.

**2. Сайлаушылармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесі:**

2.1.Есептерді ұсыну мен сайлаушылармен кездесулердің ұйымдастырылуы, тәжірибелік көмекпен қажетті материалдармен қамтамасыз етілуі.

Аудандық мәслихат өз жұмысын Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының талаптарына сәйкес іске асырады. Аталған заңның талабына сәйкес мәслихат тиісті аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту, аудандық, ауылдық округ бойынша жеке-жеке бюджеттік бағдарламаларды бекіту;

Атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті органдарға мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу;

Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшыларының есептерін қарау және олардың қызметін бағалау;

Қазақстан Республикасының сайлау туралы заң актісіне сәйкес аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін жасырын немесе ашық дауыс беруді өткізу жолымен сайлау;

Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту жатады. Жоғарыда аталған заңның 15 тармақшасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**2015 жылғы** жұмысы: Аудандық мәслихат депутаттары «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалымен бірлескен түрде бекітілген кестеге сәйкес қоғамдық қабылдаулар өткізіп, аудан тұрғындарының ұсыныс–тілектері мен өтініштерін қанағаттандыру мақсатында жұмыстаған. Есепті мерзімде 25 қоғамдық қабылдау өткізіліп, 25 адам қабылданған. Жыл ішінде аудандық мәслихатқа 6 өтініш түскен.

Ганюшкин ауылдық округінің тұрғыны А.Молдашеваның онкологиялық ауруға шалдыққан баласына қаржылай көмек көрсету туралы өтініші депутат С.Мырзағалиевқа жолданып, қаржылай қолдау көрсетілген;

II топ мүгедегі Н.Иманғалиеваның тұрғын үй мәселесі туралы арызы бойынша уақытша комиссия құрылып, зерделеу нәтижесінде аудан әкімі А.Баракатовқа ұсыныс берілген;

Ганюшкин ауылдық округінің тұрғыны З.Сдихованың үйі тосыннан өртеніп кетуіне байланысты көмек сұрап жазған арызы бойынша уақытша комиссия құрылып, зерделеу жұмыстары жүргізілген. Уақытша комиссияның шығарған қорытындысы бойынша аудан әкіміне хат жолданған;

Мәслихат депутаттары халыққа қызмет корсететін «Казпошта» АҚ-ы аудандық пошта торабының қызметі бойынша зерделеу жүргізгенде аудандағы 19 ауылдық округтың тек 8-інде ғана типтік пошта ғимараттары салынып, қалған ауылдық округтер жалға алынған орындарда жұмыс жасайтынын анықталған. Пошта бөлімшелері күзетпен қамтылмаған, пошта тасымалдайтын арнайы қызметкерлер қарастырылмаған, шалғай елді мекендерге пошта тасымалдау үшін автоколік жеткіліксіз. Сонымен қатар екінші деңгейлі банк қызметінде халыққа қызмет корсетуді жақсарту бағытында да кеңейтуді қажет ететін мәселелер бар. Зерделеу нәтижесінде аудандағы пошта және екінші деңгейлі банк кызметін жақсарту мақсатында мәслихат депутаттары белсене атсалысып, анықталған өзекті мәселелер туралы Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты С.Еңсегеновке 2015жылдың 27 қарашасында хат жолдап, ұсыныс берілген. Осы мәселе бойынша «Казпошта» АҚ-ының басшылығымен және мәслихаттардың қатысуымен облыстық денгейде кеңейтілген жиын өткізіліп, өткір мәселелер талқыланған.

Сессия күн тәртібіне енгізілген «Аудан колемінде балық шаруашылығының жәйі және оны дамытуда алға қойылған міндеттер туралы мәселе» аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының біріккен отырысында аудандағы балық өндіруші мекемелердің басшылары және аудандық орман шаруашылығы және жануарлар әлемін қорғау инспекциясы басшыларының қатысуымен алдын ала талқыланған. Аудан көлемінде балық шаруашылығын дамытуға байланысты туындаған озекті мәселелер туралы колдау көрсету жөнінде Қазақстан Республикасы Парламент Сенаты торағасының орынбасары Қ.Ишановқа және Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты С.Еңсегеновке 2015жылдың 29 шілдесінде хат жолданған. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы министрлігінің су шаруашылығы комитетінің өкілдері ауданға келіп, балық шаруашылығы мәселелерін аудан әкімдігі мен мәслихаттың, табиғат пайдаланушылар мен аудандық орман шаруашылығы және жануарлар әлемін қорғау инспекциясы басшыларының қатысуымен бірге талқылап, нақты шаралар алынған.

Депутат М.Қуаншалиевтың депутаттық сауалы бойынша «Балқұдық ауруханасының жағдайы туралы» мәселе талқыланып, тиісті органдарға ұсыныстар берілген, нәтижесінде шалғай орналасқан ауылға дәрігер маман бөлініп, тұрғын үймен камтылған.

Мәслихат депутаттары ауданның әлеуметтік-экономикалык дамуы мен мәдени-ағарту жұмыстарына белсенді түрде қатысып, түрлі мәдени-спорттық шараларға, әлеуметтік әлсіз топтарға демеушілік көрсету шараларына өз үлестерін қосып келген. Әр депутат өзі сайланған округтегі ауылдық округ әкімдерімен, қоғамдық ұйымдармен, жергілікті бюджеттік мекемелермен тығыз байланыста жұмыс жасап, өтетін шараларға міндетті түрде қатысып, сайлаушыларымен кездесуді кестеге сәйкес откізіп отырған. Есепті кезеңде сайлаушылардың өтініштері бойынша 2 депутаттық сауал жолданып, ол бойынша іс-шаралар атқарылған.

**2016 жылғы** жұмысы:

2016 жылдың наурыз айында VI шақырылған мәслихат депутаттары сайланды. Жаңа құрамдағы 14 депутаттың 3-уі әйел адам, ол 21,4 пайызды құрайды, 11 –і ер адам, ол 78,6 пайыз болған. Өкілді органның жаңа құрамы өздерінің сайлау алды бағдарламаларын іске асыру мақсатында іс- шаралар жоспарын жасақтап, жұмыстар атқарған. «Нұр Отан» партиясы депутаттық фракциясының жасақтаған кестесіне сәйкес сайлаушыларымен қоғамдық қабылдаулар ұйымдастырылып, тұрғындардан түскен өтініштердің шешімін табу жолдары қарастырылған. Жыл ішінде 39 қабылдау өткізіліп, 42 азамат қабылдауда болған.

Ганюшкин ауылының тұрғыны, II топ мүгедегі Ж.Ізімовтан 1986 жылғы Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқандарды әлеуметтік қорғау, мемлекеттік наградаларға ұсыну және осы оқиғаның болғанына 30 жыл толуын атап өту туралы ұсыныс түсіп, ол бойынша аудан әкімі А.Баракатовқа ұсыныс берілген.

Ганюшкин ауылдық округінің тұрғыны К.Сұлтанғалиевтың арызына байланысты мән-жайларды зерделеу үшін №2 Еңбекші сайлау округінің депутаты Б. Кенжебаевқа жолданып, тиісті жауабы берілген.

Қиғаш ауылдық округінің тұрғыны Б.Утепованың өтінішіне байланысты аудандық мәслихаттың уақытша комиссиясы құрылып, комиссияның зерделеу анықтамасы бойынша аудан әкіміне 2016 жылдың 8 шілдесінде ұсыныс жолданған.

Астана қаласының тұрғыны Шуткараев Азистың өтініші және жолдаған құжаттары бойынша оның атасы. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Шуткараев Ишпеннің есімін Сафоң ауылындағы соғыс ардагерлеріне арналған обелиискіге енгізу туралы Сафон ауылдық округінің әкімі Е.Сатылғановқа ұсыныс жолданған.

№11 Кудряшов сайлау округінің депутаты Р.Сұлтаниyaевтың сайлаушылардың өтінішіне сәйкес аудандағы газбен қамту мекемесінің көрсететін қызметтеріне ақы төлеуі барысында туындаған түсініксіз жағдайлар бойынша жолдаған депутаттық сауалы «РЦКУ- Атырау» ЖШС-нің басшысы А.Жулатовқа жолданып, мәселе тұрақты комиссиялардың отырысында талқыланған. Мекеменің өкілінің қатысуымен мәселе зерделенгеннен кейін осы мәселе бойынша түсінік беру мақсатында аудандық «Серпер» газетінде «Табиғи газ пайдаланушы тұтынушылар назарына» деген тақырыппен мақала жарияланған.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы заңының талаптарына сәйкес аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 2 наурыздағы № 514-V «Құрманғазы аудандық Қоғамдық кеңес құрамын бекіту туралы» шешімімен 19 мүшеден тұратын аудандық Қоғамдық кеңес құрамы бекітіліп, күні бүгін нәтижелі жұмыстар атқарып келеді.

Аудандық мәслихаттың сессиясында қаралған «Ауданда әлеуметтік, денсаулық сақтау салаларының жәйі-күйі, туберкулез ауруларының алдын алу және індетке қарсы күрес шараларының орындалысы туралы» мәселені талқылау барысында аудандық туберкулез диспансері аудандық туберкулезге

қарсы аурухана құрамынан шығарылып, аудандық емхананың құрамына берілетіні және 100 төсектік аудандық туберкулез ауруханасы облыстық туберкулез ауруханасының 50 орындық бөлімшесі болып өзгеретіні анықталды. Бұл құрылымдық өзгерістер облыстың орталығынан шалғай орналасқан және туберкулез ауруы бойынша ең қолайсыз аудан болып табылатын Құрманғазы ауданының тұрғындары үшін тиімсіз болғандықтан мәслихат депутаттарының ұсынысы бойынша «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Ожаевка 2016жылдың 9 қыркүйегінде №01/264 хат жолданған. Депутаттардың және аудан әкімдігінің ұсынысымен, облыс әкімдігінің және облыстық мәслихаттың қолдауымен бұл мәселе ішінара оң шешімін тапқан.

Мәслихаттың депутаттары «Мектепке жол», «Мейірімді жүрекпен» т.б. қайырымдылық акцияларына да белсене қатысып, аудандағы қоғамдық-саяси өмірге өз үлестерін қосқан. Балалар қорғау күні қарсаңында әр депутат өз округіндегі балалар бақшасына демеушілік сыйлық әзірлеп, бүлдіршіндерді мерекемен құттықтауды дәстүрге айналдырған.

Депутат Н.Хұсайынов Асан ауылында тұратын соғыс жесірі, 100 жасаған тыл еңбеккері Мұхтарова Уагисаға өз қаражатымен тұрғын үй тұрғызып беріп, игілікті іс тындырған.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жыл толуына байланысты аудандық мәслихат «Тәуелсіздік- ел тірегі» атты салтанатты шара өткізіп, мәслихаттың барлық шақырылымдарындағы депутаттарымен тағылымды кездесу ұйымдастырған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қалыптасқан өкілді органның тәуелсіздіктің тарихымен бірге дамып, елдің дамуына, егемендіктің нығаюына, халықтың мемлекетке сенім артуына белсене атсалысқан сол жылдардағы депутаттар жаңа шақырылым депутаттарымен өзара тәжірибе алмасқан.

**2017 жылғы** жұмысы:

Мәслихат депутаттары өз сайлаушыларының өтініштері бойынша одан әрі жұмыстанып, осы мерзімде мәслихатқа 5 өтініш түскен, 65 қоғамдық қабылдаулар ұйымдастырылып, 89 азамат қабылдауда болған. Соның ішінде 13 тақырыптық қабылдауда 32 адам қабылданса, 52 жеке қабылдауда 57 азамат қабылданып, өз өтініш- тілектерін білдірген.

Аққөл ауылының тұрғыны А.Жұмабаеванын жұмысқа орналасуға көмектесу туралы өтініші бойынша Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының талаптарына сәйкес жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде есепке тіркелуі тиіс екендігі туралы түсінік берілген.

Ганюшкин ауылынан А,Абдулова бала жастан мүгедек баласына емдету үшін қаржылай көмек сұраған мәселесі бойынша «Серпер-2» ЖШС-не хат жолданып, мекеме тарапынан қаржылай көмек көрсетілген.

Депутат И.Нұғмановтың қабылдауына келген көп балалы ананың жазғы демалыста балаларына лагерге демалтуға көмек сұраған өтініші қабылданып, депутат көп балалы ананың баласына Көкшетау қаласындағы лагерде демалуға жолдама сыйлаған.

Депутат Б.Кенжебаевтың қаржылай қолдауымен Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласының аясында Еңбекші ауылдық округінің ауыл ардагерлерін Сарайшық мұражайына апару ұйымдастырылған.

Депутаттар А.Хашуова, Р.Сұлтанияев 1 маусым-балаларды қорғау күнінде өздері сайланған округтегі балалар бақшасына ойыншықтар алып беруге демеушілік жасаған.

Мәслихат хатшысы Б.Жүгінісов Қазақстан Әнұранының авторларының бірі, ақын Ж.Нәжімеденовты еске алуға арналған бокстан Республикалық турнирге қаржылай қолдау көрсетіп, жас спортшыларды ынталандыруға атсалысқан.

Есепті кезенде аудан көлеміндегі 11 ауылдық округтің әкімдерінің сайлауы өтуіне байланысты мәслихат депутаттары әр округтен тіркелген кандидаттармен кездесу өткізіп, бағдарламаларымен танысып, тиісті таңдауларын жасаған.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының аясында Шортанбай ауылдық округінде депутаттар күні өткізілген. Шара барысында депутаттар округтегі мекемелердің жұмысымен танысып, «Нұр Отан» партиясы филиалында аудандық мәслихат хатшысы Б.Жүгінісов, аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары, депутат Ж.Джанханов ауыл тұрғындарын қабылдаған. Шортанбай орта мектебінде, балабақшада болған депутаттар бүлдіршіндерге демеушілік ретінде ойыншықтар сыйлаған. Ауылдық мәдениет үйінде «Гүлденсе ауыл, өркендейді еліміз» атты мәдени шара ұйымдастырылып, аудандық мәслихат хатшысы Б.Жүгінісов ауыл тұрғындарын «Рухани жаңғыру»-дың мақсат-міндеттерімен таныстырып, мәслихат жұмысынан хабарлама жасаған. Осы шарада көп балалы, аз қамтылған 8 отбасыға депутаттар тарапынан қаржылай көмек жасалып, еңбек ардагерлері Алғыс хаттармен марапатталған.

Мәслихат депутаттары Астанада өткен ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін тамашалауға да қатысып, депутат Б.Кенжебаев өзі басқаратын «Ет кешені» ЖШС-імен Атырау облысы Құрманғазы ауданының атынан ет өнімдерін, депутаттар Ж.Шакупов және Б.Абдулов балық өнімдерін дайындап , көрмеге өз үлестерін қосқан.

**3. Есеп және бақылау жұмыстары:**

3.1. Депутаттық сұраулардың уақытылы қаралуына есеп және бақылау нәтижесі;

Мәслихат депутаты «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін–өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 21-1 бабының талаптарына сәйкес мәслихат құзырына кіретін мәселелер бойынша әкімге, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға, прокурорға, тиісті аумақтық сайлау комиссиясына депутаттық сауал қоюға құқылы. Осы бағытта Құрманғазы аудандық мәслихаттың депутаттары да өздері сайланған округтер бойынша туындаған мәселелерге байланысты депутаттық сауалдар жолдап, соған байланысты шаралар алынған.

**2015 жылғы депутаттық сауалдар:**

№13 Азғыр сайлау округінің депутаты М.Қуаншалиев аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Б.Суғралиевке «Сүйіндік» ЖШС-нің жерлерін зерделеп, игерілмей отырған бөлігін кері қайтару туралы депутаттық сауал жолдаған. Мәселе бойынша зерделеу жұмыстары жүргізіліп, Атырау облыстық ауданаралық экономикалық сотына берілген.. Атырау облыстық ауданаралық экономикалық сотының шешіміне сәйкес депутаттық сауал бақылаудан шығарылған.

№13 Азғыр сайлау округінің депутаты М.Қуаншалиевтың аудан орталығынан шалғай орналасқан Балқұдық ауылдық ауруханасына дәрігер бөлу туралы депутаттық сауалы Құрманғазы аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Е.Кдрсиховка жолданған. Нәтижесінде депутаттық сауал бойынша оң шешім қабылданып, Балқұдық ауылдық ауруханасы тұрақты дәрігермен қамтамасыз етілген.

**2016 жылғы депутаттық сауалдар:**

№7 Дәшін сайлау округінің депутаты Н.Хұсайновтың Киров ауылдық округінің тұрғыны С.Ихсанованың арызы бойынша депутаттық сауалы түскен. Аудан әкімі Б.Шаяхметовке бұл отбасындағы туберкулезбен ауыратын аурулар саны көбеймей тұрған кезде оқшаулау қажет деп, бюджеттен қаражат бөліп, отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы хат жолданған. Аудан әкімінің орынбасары Ж.Бектемировтен 2016 жылы 18 тамыздағы №08-01-01/1739 хатымен Атырау облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім жолданғаны туралы жауап келген. Мәселе аудандық мәслихаттың бақылауында тұр.

№13 Азғыр сайлау округінің депутаты М.Қуаншалиевтың Қиғаш орта мектебіне қарасты алыс елді мекендерден келіп оқитын оқушыларды мектептен үйге күнбе-күнгі тегін тасымалмен қамту туралы депутаттық сауалы аудан әкімінің орынбасары Ж.Бектемировке жолданған. Мәселе бойынша оң шешімі табылып, мектеп оқушылары көлікпен қамтылған.

№11 Кудряшов сайлау округінің депутаты Р.Сұлтанияевтың депутаттық сауалы бойынша халыққа түсінік беру үшін «РЦКУ-Атырау» ЖШС-нің директорын аудандық мәслихаттың сессиясына шақырту туралы сауал қойылған: «РЦКУ-Атырау» ЖШС-нің басшысы А.Е.Жулатовқа депутаттық сауал жолданып, аудандық «Серпер» үнжариясында мақала жарияланып, халыққа түсінік жұмыстары жүргізілген.

**2017 жылғы депутаттық сауалдар:**

№14 Сүйіндік сайлау округінің депутаты А.Габбасовтың Сүйіндік елді мекеніндегі бюджеттік мекемелердің қызметкерлерінің еңбекақылары мен әлеуметтік төлем алушылардың зейнетақылары мен жәрдемақылары уақытында жеткізілмейтіндігі туралы ауызша депутаттық сауалы бойынша «Казпошта» АҚ-ның Атырау облыстық филиалының директоры Б.С.Утепбаевқа хат жолданған. 2017 жылғы 10 қаңтардағы №09-21 хатымен жауап келіп, мәселе шешімін тапқан.

№12 Утера сайлау округінің депутаты А.Хашуованың Нұржау ауылдық округіне қарасты «Қарақамыс» участогіне газ желісін жүргізу және «Мұғалім»

ауылына көше жарығын жүргізу туралы депутаттық сауалы аудан әкімі Б.Шаяхметовке жолданған. Аудан әкімінің орынбасары Ж.Хасановтың 2017 жылғы 7 сәуірдегі №08-01-03/ 821 хатымен тиісті жауабы берілген.

№13 Азғыр сайлау округінің депутаты М.Қуаншалиевтың Азғыр ауылдық округінің тұрғындарының арызына сәйкес мал жайылымынан 4 шақырым жерден Т.Рахметовке берілген 400 га жерді қайтару туралы депутаттық сауалы аудан әкімі Б.Шаяхметовке 2017 жылғы 25 сәуірдегі №01/08 хатпен жолданып, 2017 жылғы 10 мамырдағы №120 хатпен Т.Рахметовтың жер учаскесінен өз еркімен бас тарту туралы өтініш жазғаны туралы жауап берілген.

№4 Кіші Ганюшкин сайлау округінің депутаты Б.Жүгінісовтың Кіші Ганюшкин елді мекеніндегі жаяу жүргіншілер көпірінің құрылыс жұмыстары және Кіші Ганюшкин елді мекеніндегі М.Жолжанов атындағы көшені асфальттау мәселесі туралы депутаттық сауалы аудан әкімінің орынбасары Ж.Хасановқа жолданған және 2017 жылғы 10 мамырдағы №08-01-03/1068 хатпен тиісті жауабы берілген.

Шортанбай дәрігерлік ауруханасының әрі қарай жұмыс жасауын қамтамасыз ету туралы №10 Шортанбай сайлау округінің депутаты Б.Абдуловтың депутаттық сауалы аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Г.Мутиеваға хат жолданды. 2017 жылғы 20 маусымдағы №98 хатпен Атырау облысының емдеу сауықтыру мекемелерінің 2017-2019 жылдарға арналған инфраструктураларының даму жоспарына сәйкес Шортанбай ауылдық ауруханасы құрамында 10 төсектік күндізгі стационары бар дәрігерлік амбулатория болып өзгертілгені туралы жауап берілген.

Аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Г.Мутиеваға жолданған Кудряшов ауылындағы бұрынғы учаскелік аурухананы қайта ашу туралы №11 Кудряшов сайлау округінің депутаты Р.Сұлтаниявтың депутаттық сауалы бойынша 2017 жылғы 12 маусымдағы №88 хатпен көпшығынды, тиімсіз тәуліктік стационарларды жабу шараларына байланысты мүмкін болмайтындығы жөнінде жауап берілген.

Аудандық мәслихат және мәслихат аппараты өз қызметін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін–өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген өкілеттіктерді, құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырып отырады.

Мәслихат қызметінің негізі нысаны сессия болып табылады, онда мәслихат қарауына заңдармен жатқызылған мәселелер шешіледі.

**2015 жылы** аудандық мәслихаттың 11 сессиясы шақырылған, оның 5-уі жоспарлы, 6-уы кезектен тыс болған. Сессия күн тәртібіне ұсынылған мәселелер бойынша 121 шешім қабылданған. Мемлекеттік тіркеуге жататын 16 мәслихат шешімі облыстық Әділет депатментінде тіркеуден өткізілген. Мәслихаттың 2015 жылға арналған жоспары бойынша жоспарлы сессияларда «Жер кодексі талаптарын жүзеге асырудағы аудандық жер қатынастары

бөлімінің есебі» бойынша аудандық жер қатынастар бөлімінің басшысы Б.Сүгіралиевтың жұмысы, «2014 жылғы аудан бюджетінің орындалысы туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы З.Карсакованың есебі, «Аудан көлемінде Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңының талаптарының орындалу барысы туралы» Құрманғазы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы К.Утаровтың есебі, «Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 2 тамыздағы №66-V «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 сәуірдегі №473 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасының»аудан көлемінде жүзеге асу барысы туралы» шешімінің орындалысы туралы» аудан әкімінің орынбасары Қ.Садиховтың есебі, «Өздеріне жүктелген функциялары мен міндеттерінің орындалысы туралы Азғыр және Нұржау ауылдық округтерінің әкімдерінің есебі» туралы Азғыр ауылдық округінің әкімі Н.Биляшеваның, Нұржау ауылдық округінің әкімі Т.Хабибуллиннің есептері, «Ауданның 2016-2018 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы З.Карсакованың есебі, «Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 12 сәуірдегі №20-V «V шақырылған аудандық мәслихат депутаттарының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы іс-шаралар жоспары туралы» шешімінің орындалысы туралы! Аудандық мәслихат хатшысы Р.Сұлтаниявтың есебі қаралып, шешімдер алынған. Кезектен тыс мәслихат сессияларында аудан әкімінің ұсынысымен мәслихат шешімін қажет ететін өзге де мәселелер талқыланып, бекітілген. Соның ішінде ҚР Бюджет кодексі талаптарына сәйкес ауданның бюджетін қалыптастыру жұмыстары іске асырылып, аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №361-V«Ауданның 2015-2017 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» шешіміне 4 рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілген.

**2016 жылы** аудандық мәслихаттың 5 жоспарлы, 7 кезектен тыс сессиялары шақырылып, барлығы 168 нормативтік құқықтық актілер қабылданған,оның 16–сы Атырау облыстық Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген. Бақылауға алынған 5 шешімнің орындалысы туралы жауапты органдардың хабарламалары уақытында алынып, тұрақты комиссияларда қаралған.

Мәслихат жоспарына сәйкес «Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоқсандағы №256-V шешімімен бекітілген «Құрманғазы ауданының 2011-2015 жылдарға арналған аумақтық даму бағдарламасының» қорытындылары туралы» аудан әкімінің орынбасары Ж.Бектемировтың есебі, «Ауданның елді мекендерін көріктендіру, санитарлық тазалық, экологиялық заңнама талаптарының орындалысы мен аумақты аббаттандыру бағытындағы жұмыстар туралы» мәселе, «Ауданның мектепке дейінгі мекемелерінің материалдық-техникалық базасының жағдайы туралы» аудандық білім бөлімінің басшысы М.Гилаевтың есебі, «Аудан бойынша ветеринарлық профилактикалық іс-шаралардың орындалу барысы туралы»

аудандық ветеринарлық станциясының директоры А.Бірғалиевтың хабарламасы, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылыс және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының талаптарының аудан көлемінде орындалу барысы туралы» аудандық сәулет және қала құрылыс бөлімінің басшысы А.Жаудиннің есебі, «Аудандық білім бөлімі бойынша Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балаларды қадағалау және панасыз қалудың алдын алу туралы» Заңын іске асыру мақсатындағы мектеп оқушылары тарапынан құқық бұзушылықпен қылмысты және қоғамға қарсы әрекеттердің алдын алу және болдырмау жөніндегі іс –шаралардың орындалысы туралы» аудандық білім бөлімінің басшысы М.Гилаевтың есебі қаралып, мақұлданған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін–өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес мәслихат сессиясында «Ауданның 2016 жылдың I жарты жылдығында әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы» аудан әкімінің есебі тыңдалып, тиісті шешім алынған.

Мәслихат жанындағы «Нұр Отан» партиясы депутаттық фракциясы жыл ішінде кестеге сәйкес қоғамдық қабылдаулар өткізіп, ауданда өткізілген санитарлық- тазалық айлығына, көгалдандыру жұмыстарына атсалысқан.

Есепті кезеңде аудандық мәслихат аудан әкімі жанындағы «Құрманғазы ауданының Құрмет грамотасы мен «Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы» атағын беру құжаттарын саралайтын консультациялық кеңесші органға ұсынылып, комиссияда мақұлданған кейін аудан әкімінің шешіміне сәйкес аудандық мәслихатқа бекітуге ұсынылған құжаттарды қарап, Атырау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы №250-IV шешімімен бекітілген «Облыстың қаланың, ауданның Құрметті азаматы» атағын беру туралы қағидасының талаптары негізінде аудан экономикасы мен әлеуметтік дамуына ерекше үлес қосқан 8 тұлғаға «Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы» атағын беру туралы мәселені мақұлдап, оң шешім қабылданған. Сонымен қоса Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі еңбектерімен қосқан үлестері үшін мәслихат шешіміне сәйкес 58 тұлға Құрманғазы ауданының Құрмет грамотасымен марапатталған.

**2017 жылы** аудандық мәслихаттың 14 сессиясы шақырылып, оның 5–уі жоспарлы, 9-ы кезектен тыс сессиялар болған. Мәслихат сесиясында қаралған мәселелер бойынша 154 шешім қабылданып, оның 13 –сы Атырау облыстық Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген.

Есепті жылы мәслихат депутаттары Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласынан туындайтын міндеттерді іске асыру бағытында өз жұмысын жоспарлаған.

Мәслихаттың қарауына «Аудан бойынша мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөнінде атқарылған жұмыстар туралы» аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы А.Мусаның есебі, «Өзіне жүктелген функциялары мен міндеттері туралы атқарған жұмысы туралы» Дәшін ауылдық округі әкімі О.Тәжібаевтың есебі, «Азаматтарға арналған үкімет МККЕАҚ Атырау облысы бойынша филиалының халыққа қызмет көрсету» департаментінің Құрманғазы аудандық бөлімі арқылы аудан тұрғындарына көрсетілетін мемлекеттік қызмет жәйі туралы» Құрманғазы аудандық бөлімінің басшысы Қ.Бөлековтың есебі, «Ауданда дене шынықтыру мен бұқаралық спорттың дамуы туралы» аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы А.Мұқашевтың хабарламасы, «Жергілікті полиция қызметінің жұмысы туралы» аудандық ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің басшысы Ж.Джагипаровтың есебі, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және одан туындайтын нормативтік актілер талаптарын аудан көлемінде жүзеге асыруда аудандық ветеринария бөлімінің жұмысы туралы аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Ә.Әбдірахманның есебі, «Аудан көлеміндегі мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім, алушыларымен тәрбиеленушілерінін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету және білім саласы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жәйі туралы» білім бөлімінің басшысының есебі, «Өзіне жүктелген функциясы мен міндеттері туралы атқарған жұмысынан Көптоғай ауылдық округі әкімі С.Мұратовтың есебі, «Аудан көлемінде «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарының орындалу барысы туралы» аудан әкімінің орынбасары Ж.Хасановтың хабарламасы ұсынылып, тұрақты комиссиялардың біріккен мәжілісінде тыңдалғаннан кейін, мәслихат шешімімен бекітілген. Сонымен қатар аудан бюджеті бойынша «2016 жылға арналған аудан бюджетінің орындалуы туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысының есебі мен Құрманғазы аудандық бюджетінің атқарылуы туралы Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының есебін талқылап, тиісті шешім алынған. Мәслихат депутаттары алдында аудан әкімі Б.Шаяхметов «Аудан әкімінің 2017 жылдың I жартыжылдығындағы ауданның әлеуметтік – экономикалық дамуы туралы есебін» ұсынып, мәслихат шешімімен мақұлданған. Жыл қорытындысындағы кезекті сессияда «Ауданның 2018-2020 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Г.Хасанованың есебі, «Аудандық мәслихаттың 2018 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы» мәслихат хатшысы Б.Жүгінісовтың хабарламасы тыңдалып, шешім қабылданған.

2017 жылы 28 маусымда мәслихат депутаттары Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының сайлауына ұйымшылдықпен қатысып, аудан тұрғындары сенім білдірген кандидаттарды сайлауға таңдау жасады.

**4. Нормативтік өкімдік құжаттарының, шешімдерінің, анықтамаларының шығарылуы:**

4.1. Мәслихат сессияларының хаттамаларын жүргізу, шешімдерінің шығарылуы.

Мәслихат сессияларының жүру барысы хаттамалармен рәсімделіп, мәслихат өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды. Мәслихаттың жалпыға бірдей міндетті маңызы бар және азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты қабылдаған шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Әділет министрлігінің аумақтык органдарының мемлекеттік тіркеуіне жатады. Осы сипаттағы шешімдердің жобалары алдын ала талқылау мақсатында сайттарға шығарылады және аудандық коғамдык кеңестің келісімі бойынша сессия қарауына жолданады. Мәслихат шешімі мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін аймақтық құқықтық ақпарат орталығының Атырау облысы бойынша филиалына жіберіледі және баспасөз бетінде жарияланады.

Құрманғазы аудандық мәслихаты бойынша мәслихат сессияларының 2015 жылғы 11 хаттамасы, 2016 жылғы 12 хаттамасы, 2017 жылғы 14 хаттамасы рәсімделіп, түптеліп, тігілген.

4.2. Шешімдердің Әділет департаментінде тіркелуі;

**2015 жылы** Құрманғазы аудандык мәслихаты бойынша өткен 11 мәслихат сессиясында 121 шешім қабылданып, 16 шешім мемлекеттік тіркеуден өткізілген.

Аудандық мәслихаттың 03.02.2015 жылғы №374-V «Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №363-V «Құрманғазы ауданында тұратын аз камтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» шешімі (Әділет департаментінде 10.02.2015жылы №3101 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 27 наурыздағы №391-V «Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №361-V «Ауданның 2015-2017 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі (Әділет департаментінде 20.04.2015жылы №3184 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 27 наурыздағы №409-V «Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоксандағы №257-V «Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (Әділет департаментінде 21.04.2015жылы №3185 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 22 маусымдағы №420-V «Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №361-V «Ауданның 2015-2017 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімі (Әділет департаментінде 10.07.2015жылы №3248 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 22 маусымдағы №422-V Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж

азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы шешімі (Әділет департаментінде 30.06.2015жылы №3235 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 22 маусымдағы №423-V «Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №364-V «Құрманғазы ауданының ауылдық округтерінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындауқағидасын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» шешімі (Әділет департаментінде 10.07.2015жылы №3251 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 15 қыркүйектегі №435-V «Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №361-V «Ауданның 2015-2017 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (Әділет департаментінде 28.09.2015жылы №3300 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 15 қыркүйектегі №436-V «Құрманғазы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы» шешімі (Әділет департаментінде 22.10.2015жылы №3321 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 15 қыркүйектегі №446-V «Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Құрманғазы ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін және базалық жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешімі (Әділет департаментінде 06.10.2015жылы №3308 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 22 қазандағы №450-V «Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын айқындау тәртібі мен мөлшерін белгілеу туралы» шешімі (Әділет департаментінде 20.11.2015жылы №3345 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 4 қарашадағы №460-V «Құрманғазы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы» шешімі (Әділет департаментінде 20.11.2015жылы №3346 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 4 қарашадағы №461-V «Құрманғазы аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы» шешімі (Әділет департаментінде 30.11.2015жылы №3360 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 25 қарашадағы №466-V «Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №361-V «Ауданның 2015 - 2017 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» шешімі (Әділет департаментінде 07.12.2015жылы №3376 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №473-V «Ауданның 2016-2018 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» шешімі (Әділет департаментінде 14.01.2016жылы №3438 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №474-V «Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 15 қыркүйектегі №446-V «Қазакстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Құрманғазы ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін және базалық жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (Әділет департаментінде 05.01.2016жылы №3418 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №475-V «Құрманғазы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы» шешімі (Әділет департаментінде 29.12.2015жылы №3408 болып тіркелген);

**2016 жылы** аудандық мәслихат қабылдаған 168 шешімнің 16–сы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген.

Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 29 қаңтардағы №504-V «Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №475-V «Құрманғазы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы шешімі (Әділет департаментінде 25.02.2016 жылы №3466 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 29 қаңтардағы №505-V «Құрманғазы ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» шешімі (Әділет департаментінде 09.03.2016 жылы №3470 болып тіркелген);

Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 25 сәуірдегі №12-VI Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №473-V «2016 - 2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімі (Әділет департаментінде 29.04.2016 жылы №3495 болып тіркелген);

